

«Наурыз келді, алақай!»

Мақсаты: Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау; қуаныштарын үлкендермен бөлісуге, мейірімділікке тәрбиелеу. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрімен кеңірек таныстыру; әртүрлі ұлттық ойындар арқылы баланың тілін дамыту.

Зал мерекеге орай безендірілген. Балалар музыка әуенімен кіріп келеді.

Жүргізуші: Армысыздар, халайық!
Бармысыздар, халайық!
Наурыз тойын жұп жазбай,
Жылда қарсы алайық!

Мереке Наурыз жыл басы,
Наурыз тойы құтты болсын!
Дендеріңіз сау, мықты болсын!
Аман-есен болайық!

Баршамызға тілегім осы, халайық,
Еліміздің несибесі көп болсын!
Жауын жауып, жер бетіне көк толсын,
Даламызға бұл жаңа жыл құт болсын!-

деп, бүгінгі Наурызға арналған мерекелік ертеңгілігімізді бастауға рұқсат етіңіздер.
Құрметті ата-аналар, ұстаздар, қонақтар, оқушылар!

Алыстан арып келсең айран ұсынып, қонақ десе құрт-майын сақтаған абзал аналар,
жақын жүрсе қылығымен сүйсінткен апа-сіңлілер, алтыннан да салмақты әкелер,
ұстаздар, мен оқушылар! Сіздерді төл мерекеміз «Наурыз мейрамымен» құттықтауға
рұқсат етіңіздер!

22-наурыз ежелден ата-бабамыз тойлап келе жатқан молшылықтың, берекенің,
байлықтың, жердің жанаруын тойлайтын мереке. «Наурыз» парсы тілінен аударғанда
«жаңа күн» деген ұғымды білдіреді. (Наурыз мейрамы, наурызкөже туралы түсінік беру)

Уа, ағайын, халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық!

Ән «Наурыз келді»

1-бала:

Шалқытып мерекеде ән салайық,
Би билеп, ән, өнерге тамсанайық.
Аңызбен, ертегімен бізге жеткен
Наурызды, қонақтарды қарсы алайық.

2-бала:

Жылдың басы -Наурыз,
Жырдың басы –Наурыз,
Мерекеге арналсын
Бүгінгі жыр-әніміз.

3-бала:

Наурыз тойын аңсап келем,
Ата –бабам жырлап келген.
Той думаның жалғассын,- деп,
Той бастарды жолдаймын мен.

4-бала:

Көктем келді, Наурыз келді,
Жер көгерді ел көгерді.
Дастарханын жайып дархан,
Жақсылық пен бақыт шашқан.

5-бала:

Әнім де саған,биім де,
Құт қонақ өзің үйімде.
Қуаныш сыйлап еліме
Күлімде наурыз күлімде.

Жүргізуші:Рахмет,жарайсындар, балалар!Ал енді балалар айтындаршы Наурыз мейрамы жылдың қай мезгілінде бізге келіп отыр?Көктемде

Балалар:Көктемде

Жүргізуші:Дұрыс көктемде.Ал көктемді қалай сипаттауға болады?

Балалар:Күн жылынады. Жер көгере бастайды. Гүлдер өседі.

Жүргізуші: Иә,табиғат құлпырып, бізді бір әдемі әлемге алып барады.

Шомылып нұрға атырап,
Ағаштар жайды жапырақ.
Далаға бірден таралды,
Гүлдерден жұпар шашырап.

Олай болса қазір көктем туралы әнімізді шырқайық.

Көктем: Наурыз құтты болсын ағаларға,
Наурыз құтты болсын аналарға.
Жыл сайын тойланатын мәңгі бақи,
Наурыз құтты болсын баршамызға!

1-бала:

Сені күттім, Наурызым,
Көктем боп қашан келер деп.
Берекелі мерекең,
Қуанышқа бөлер деп.

2-бала:

Бірдей кәрі жасқа да,
Наурыз күні жақсы да.
Жылқы жылы той болсын,
Барлық далада.

3-бала: Көктемім төкті нұрды,

Көңілдің кетті мұңы.
Кел достар ән шырқайық,
Ұлыстың ұлы күні.

4-бала: Тақпақ айтам жыл басы,
Құлағың сап тыңдашы.

Бар бөбекке өзімдей,
Тыныш өмір сыйлашы.

5-бала: Тақпағым бар жаттаған,
Соны айтам мақтанам.
Бір жасқа мені өсірді,
Жаңа жыл жаңа аттаған.

Қыздар биі

«Хан талапай», «Қыз қуу», «Теңге алу» ойындары

Наурыз- бұл ежелгі түркі халықтарының жаңа жыл мейрамы. Парсы тілінен аударғанда «наурыз» сөзі «жаңа күн» деген мағынаны білдіреді. Оны барлық түркі халықтары: қазақтар, қырғыздар, өзбектер, тәжіктер және т.б. атап өтеді.

Бұл мейрам күн мен түннің теңелген мерзімі 22 наурыз күніне сәйкес келеді. Наурыз кезінде наурыз-көже дайындалады. Көже жеті тағамның қосындысынан тұрады: арпа, бидай, күріш, қара бидай, сүт, ет, май. Наурыз-көже – мейрамның, көктем келгендігінің белгісі.

Наурыз ерекшеліктері:

- Сіз келген күні таңертең ата, ағаларымыз қолдарына күрек. Ал аналарымыз құрт, ірімшік, сүт, піскен ет алып далаға шығады.

- Бұлақ көрсең көзін- аш- деп, ағаларымыз төңіректегі бастаулардың көзін ашады.

- Бір тал кесең, он тал ек- дескен қариялар бұлақбасына тал егеді. Ал әйелдер атып келе жатқан Күнге тәу етіп, “Армысың қайрымды Күн-Ана!”, - деп иіліп сәлем береді және кеудесі түкті жер- Ана, құт дарыт, жарылқа!- деп ашылған бұлақ көзіне май құйып, жаңа егілген ағаштарға ақ бүркеді.

Наурыз тойы басталғанда:

Сапарға шықпайды;

Ешкіммен ренжіспейді;

Жаман, сөздер айтпайды;

Жаман қылықтар көрсетпейді.

Шаш, тырнақ алмайды.

Іс тікпейді, Кір жумайды

БҰЛ КҮНІ:

Күн мен түн теңеледі

Ренжіскен адамдар достасады

Жақын туыстармен дәм алысады

7 түрлі дәмнен Наурыз көже дайындайды

Ат шаптырып, балуан күрестіріп, қыз қуып, қол күрестіріп үлкен той жасайды.